

Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 76 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 наурызда № 4056 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 87 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 20.04.2016 № 87 (қол қойған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, "Жергілікті басқару органдарын қайта ұйымдастыру және атқарушы органдардың құрылымы мен штат саны лимитін бекіту туралы" Астрахан аудан әкімдігінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 246 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесінің мемлекеттік тіркеу үшін әділет органына жіберілсін.
3. "Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ереже бекіту туралы" 2014 жылғы 3 ақпандағы № 47 Астрахан ауданының әкімдігінің қаулысының күші жойылсын.
4. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

T.Eрсейітов

Астрахан ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 5 наурыздағы № 76
қаулысымен бекітілді

Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-мемлекеттік мекемесі), Астрахан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 246 қаулысымен құрылды және сәулет және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Астрахан ауданының әкімдігі болып табылады.

3. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, егер оған заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 020300, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Астрахан ауылы, Әл Фараби көшесі, 50.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілермен мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Астрахан ауданының "Құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Миссиясы: аудан аумағында құрылыш, сәulet және қала құрылышы саласының мемлекеттік саясатын жүргізу, қалыптастыру және жүзеге асыру.

14. Міндеттері: мемлекеттік мекеменің негізгі міндеттері өз құзырының аясында құрылыш, сәulet және қала құрылышы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады, ауданды әлеуметтік-экономикалық кешенді дамытуда ағымдағы және алдағы міндеттерді шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) аудан аумағында мемлекеттік құрылыш саясатын жүргізді;

2) қызметтер үйлестіреді, құрылыш үрдісіне әдіstemелік және оперативтік басшылық жасайды;

3) бекітілген қала құрылышы құжаттарына сәйкес құрылыш жобаларын іске асыруды қадағалайды;

4) жобаларды мемлекеттік сараптау, мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау және құрылыш саласында мемлекеттік, қоғамдық, және жеке мүдделерін қорғау мәселелері бойынша инспекциялаудың аумақтық бөлімшелерімен өзара әрекет жасайды;

5) Астрахан ауданының коммуналдық меншік объектілерінің құрылышы мен қайта құрылымы бойынша тапсырыс берушілер қызметін орындейды;

6) жобалау үйимдары инспекциялары, мемлекеттік сәulet-құрылыш тексеру, мемлекеттік жоба қорытындысы құрылымдары арасындағы өзара әрекет етуді үйимдастырады;

7) құрылышты, қайта салуды, жаңартуды, күрделі жөндеуді жобалау

мәселелерін реттейтін құрылыштық нормаларды, ережелер мен мемлекеттік стандарттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды;

8) заңмен белгіленген тәртіпте, тұрғын үй-коммуналдық, коммуналдық, өндірістік және өндірістік емес маңыздағы құрылыш объектілерін пайдалануға қабылдауды ұйымдастырады және оған қатысады;

9) мемлекеттік тұрғын үй саясатының негізгі қағидаларын халықта түсіндіру мен кеңес беруді іске асырады;

10) бірыңғай бюджеттік сыйыптамаға сәйкес, құрылыш және қайта жаңарту объектілері бойынша конкурстар ұйымдастыру, жүргізу және мекеме бюджеттік бағдарламалар әкімгері болып табылатын орталық көздерден қаржыландырылатын жобалау, құрылыш, қайта жаңарту, мекемені жөндеу және жабдықтау, тұрмыстық-коммуналдық маңыздағы объектіні сатып алу бойынша өткізілген конкурстар бойынша деректер мониторингін жүзеге асырады;

11) мемлекеттік мекемені күтіп ұстау қызметтерін сатып алу бойынша конкурс ұйымдастырады және өткізеді;

12) ауданның елді мекендерін сумен қамтуды жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асырады;

13) заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген аудан аумағының қала құрылышы жоспарларының (аудандық жоспарлау жобасының) кешенді схемасын, бас жоспарларын, аудан елді мекендері құрылышын дамыту және жүргізу схемасын іске асыру;

14) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) іске асыру;

15) аудан аумағында қала құрылышын дамыту схемаларын, сондай-ақ аудандық маңызы бар ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын, құрылыш салудың схемасын әзірлеуді, ұйымдастыру және аудандық мәслихаттың бекітіуіне ұсыну;

16) аудан аумағында елді мекендерді құрылыштау және схемаларын дамыту, бас жоспарлардың жобаларын келісімдеу және қарауын;

17) ауданның басқа бөлімдерімен бірлесіп ауданда құрылыш жүргізу, көркейту және көгалдандырудың алдағы және ағымдағы жоспарын талқылауға қатысу, тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар, инженерлік құрылыштар және коммуникациялар құрылышы туралы ұсыныстар әзірлейді және оларды белгіленген үлгідегі тәртіпке қарауға ұсыну;

18) сәулет-жоспарлау тапсырмасын негізгі өлшемдеріне және оны нақты жер участкесіне (алаңға, трассаға) орналастыруға қойылатын талаптар кешені, сондай-ақ осы елді мекен үшін қала құрылышының регламенттеріне сәйкес белгіленетін, жобалау мен құрылышқа қойылатын міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер дайындау;

- 19) нобай және жұмыс жобаларын объектілер (кешендер) құрылыш объектілерін қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін келісу;
- 20) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіpte жүргізу;
- 21) пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 22) нысандың құрылыш жүргізу үшін қажет жер учаскесін таңдау актісін келісу;
- 23) елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру;
- 24) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың және (немесе) филиалдар және өкілдердің жарнама қызметі мәселелері бойынша өтініштерін қарau;
- 25) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 26) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;
- 27) алкоголь өнімдерін сататын қойма және станционарлық үй–жайлардың балалар мекемелері мен білім ұйымдарының шекарасына дейінгі ара қашықтығының сәйкестігін анықтайды, сондай-ақ, лицензия берушіге қорытынды береді;
- 28) өз құзіреті шегінде құрылыш жүргізушилер мен құрылыш ұйымдарынан мекемелер мен ғимараттар құрылыш бойынша жұмыс өндірісіне байланысты, қажет жоба-сметалық материалдарды, құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін лицензияларын, жоба-сметалық құжаттардың сараптамасын және басқа құжаттарды ұсынуларын талап етеді;
- 29) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізу және толықтыру;
- 30) аудандағы елді мекендердің жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмір берумен.

16. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) қажетті жағдайларда құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге, жоба-сметалық құжаттарды сараптауға, құрылыш материалдарының, конструкциялар мен детальдардың сапасын анықтау бойынша сынау және зерттеу жұмыстарына рұқсат беретін лицензия талап етуге;
- 2) кәсіпорындармен қолданыстағы техникалық нұсқаудың бұзушылығымен орындастырын топографо-геодезиялық және инженерлік-геологиялық қарастыруын және бөліктелген жұмыстың өндірісін тоқтату туралы нұсқау беру;
- 3) құрылыш объектілерінде апattyң туындау себебін зерттеуге қатысуға;
- 4) аудан аумағындағы сәулет-құрылыш қызметінің барлық субъектілеріне меншік түріне, ведомстволық бағыныштылығына қарамастан міндетті болып табылатын аумақтарды көркейтуге, көгалдандыруға, құрылыш жүргізуге, тұрғын

үй саясатын жүзеге асыру мәселелері бойынша өз құзыретінің шегінде шешім қабылдау;

5) ауданда жаңа тұрғын үй, қала құрылышы бағдарламаларын жүзеге асыру бөлімінде, күрделі құрылыш базаларын дамытуда экономикалық-әлеуметтік жоспарларды әзірлеуге және келісуге қатысуға;

6) құрылыш, сәulet және қала құрылышы саласында белгіленген қызметтерді мемлекеттік нормативтік талаптарда, жағдайларда және шектеуде, заңнама нормаларынан ауытқу және бұзушылық жіберулеріне байланысты бұзушыларға қарастырылған заңнама шараларын қолдану туралы өкілетті органдарға ақпарат беру;

7) аудан аумағында пайдаланымға енгізілген объектілерді қабылдауға қатысуға;

8) өз құзыреті шегінде бекітілген құжаттамаға сәйкес құрылыш жобаларын жүзеге асыруды қадағалауды ұйымдастыру;

9) құрылыш мәселелеріне қатысты бөлімге жүктелген міндеттерді орындау үшін ұйымдардан, мекемелер мен кәсіпорындардан қажетті ақпаратты сұрауға және алуға құқылы;

10) өз құзыретінің шегінде құрылыш жүргізуі ұйымдарға бекітілген жобаны, құрылыштарға жанама құрылыш жүргізуге, техникалық жағдайларына және жұмыс өндірісінің Ережелерін сақталуын бұзу арқылы және өз бетімен құрылыш жүргізушілерге құрылышты тоқтату туралы нұсқау беруге, ол туралы аудандық әкімдікті, мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау органдарын, ал қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарын хабарландыруға;

11) азаматтардың хаттары мен өтініштерін қарастыруға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылық жасауды Астрахан ауданының "Сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

Басшысы орындалуы сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша шара қолданады және ол үшін жеке жауапкершілікте болады.

19. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;
- 2) мекеме мамандарының міндеттерін және өкілеттіктерін айқындайды;
- 3) заңнамаға сәйкес мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 4) мекеме мамандарына заңнама мен белгіленген тәртіпте тәртіптік жаза қолданады;
- 5) мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда мекемені ұсынады;
- 6) сенімхаттарды береді;
- 7) банк шоттарды ашады;
- 8) заңнамаға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

20. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлкі (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Астрахан ауданының "Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК